

Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өртке қарсы жай-күйі туралы АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Баспрокуратурасы Түркістан қаласы прокуратурасының 2024 жылғы 30 сәуірдегі №7241951260100___ қаулысына сәйкес Түркістан қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) бас маманы азаматтық қорғау капитаны Мұзаппар Бақдәулет Мұхамедәліұлы, басқарма аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты Оралбай Әли Жанғалиұлы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Құдас Датқа көшесі, 2А мекенжайда «Балдырған» бөбекжай - бақшасына» катысты өрт қауіпсіздігі саласында жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Нысанның сипаты.

Балабақша ғимараты 2011 жылы салынған, ғимарат 2 қабатты және жертөле қабатты (280 балаға арналған) қазіргі уақытта 280 баламен қамтамасыз етілген.

Жылыту қазандығы автономды табиғи газ, Электр кернеуі 220 В.

Алғашқы өрт сөндіру құралдары маркасы ОП-38 дана.

Осылайша, өрт қауіпсіздігі саласындағы 2024 жылғы 13 маусым күні жүргізілген инспекторлық тексеру нәтижесімен бірқатар бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда:

1. Сымдар мен кабельдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтауды өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізілмеген. **Негіз: ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығымен бекітілген өрт қауіпсіздігі қағидасының 80-тармағы.**

2. Өртке қарсы қорғау жүйелерін пайдалануға, бастапқы өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, жөндеуге, сақтауға және іс-қимылдарға әзірлігіне, техникалық қызмет көрсету (колмен өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау) мен жоспарлы-сақтандыру жөндеуді уақтылы және сапалы өткізуге жауапты лауазымды адам тағайындалмаған. **Негіз: Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығының 9 тармағы.**

3. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-сақтандыру жөндеу жұмыстарының жағдайына жүргізілетін есепке алу арнайы журналы қарастырылмаған. **Негіз: ҚР Төтенше**

жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығымен бекітілген өрт қауіпсіздігі қағидасының 11-тармағы.

4. Найзағайдан қорғау құрылғыларын тексеру жыл сайын найзағайлы маусым басталар алдында жүргізілмеген. **Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 44 - тармағы.**

5. Найзағайдан қорғау құрылғыларын қарап-тексеру кезінде жерге тұйықталатын құрылғылардың кедергісі өлшенеді, ал тексерулер мен өлшеулердің нәтижелері еркін нысанда толтырылатын найзағайдан қорғау құрылғыларын пайдалану журналы арналмаған. **Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 45 - тармағы.**

Түркістан қаласы Төтенше
жағдайлар басқармасының
бас маманы
азаматтық қорғау капитаны



Б. Мұзаппар

Түркістан қаласы Төтенше
жағдайлар басқармасының
аға инженері
азаматтық қорғау лейтенанты



Ә. Оралбай

«Балдырған» бөбекжай -бақшасы»
меңгерушісі



Ж. Абдуллаева